



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

Nazarbayev  
Intellectual  
Schools  
Center  
of Excellence  
NIS

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

## ЖАҢА БАҒДАРЛАМА – ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Байкадамова Асель Серикказыевна  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің  
Ғ.Қайырбеков атындағы №9  
жалпы білім беретін мектебі» КММ  
филология ғылымдарның магистранты  
А.Байтұрсынов атындағы  
Қостанай өңірлік университеті  
Қостанайқ., Қазақстан  
askentaj\_1986@mail.ru

### Аңдатпа

Мақалада жаңартылған білім мазмұны енгеннен кейінгі білім беру сапасының толықтай өзгергені, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалды сапаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөлініп, заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру туралы баяндалған.

**Түйіндісөздер:** жаңа көзқарас, модуль, сын тұрғысынан ойлау,

### Аннотация

В статье описывается полное изменение качества образования, полученных знаний, ориентируясь на подготовку учащихся к повышению продуктивности, повышению функционального здоровья, развитию общечеловеческих ценностей, повышению профессиональных навыков педагогов по совершенствованию современных технологий после внедрения содержания образования.

**Ключевые слова:** новый подход, модуль, критическое мышление, мотивация

### Abstract

The article describes the complete change in the quality of education after the introduction of the updated educational content, focusing on teaching students a wide range of skills, increasing their functional literacy, developing their human values, and improving the professional skills of teachers in the process of transitioning to the use of modern technologies.

**Key words:** new approach, module, critical thinking, motivation

Бүгінгі таңдағы мемлекетіміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы бүгінгі оқушылардың білім деңгейін әлемдік дәрежеге жеткізу екені барлығымызға мәлім. Ұстаздар алдында оқыту мен тәрбиелеудің озық технологияларын пайдалана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау қажеттілігі тұр. Озық технология әрбір мұғалімнен жаңа ізденісті, шығармашылық талап етеді. Оқушылардың ой-өрісін дамытатын интеллектуалды жұмыс түрлерін жіктеп саралау, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, жаңа кезең технологиясын зерделей отырып, өз жұмысына тиімді қолдану тақырып бойынша педагогикалық тәжірибеге сараптама жасау және оны меңгерумен қатар, оқушылардың оқу белсендігін арттыру жолдарын қарастыру мұғалімдерге қойылатын негізгі талап болып табылады. Соның бірі, әрі сабақта оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда тиімдісі – Блум таксономиясы.

Бенджамин Блум – америкалық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан: адами мінездеменің өзгеруі мен бірқалыптылығы және білім беру мақсаттарын жүйелеу.

Ал таксономияның ережесі – белгілі бір критериялар мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеу екен.

Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететіні дәлелденген. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді

әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні- оқушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады. Сабақ жоспарын Блум таксономиясына салып, бағдарламада белгіленген жеті модульді ықпалдастырудың арқасында оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ қызығушылықтарын түсініп, оқытудың жаңа тәсілдерін тиімді және орынды пайдаланып, оқушы бойында ішкі уәж тудырып, өз қабілеттеріне сенім арттырып, ол өз кезегінде жаңа материалды саналы түрде меңгеруіне әсер етеді деп күтіледі.

Репродуктивтік әдіс арқылы оқушы «дайын» білімдерді есінде сақтап, кейін қатесіз айтып бергенмен, оның ақыл-ой белсенділігі төмен болады. Репродуктивтік әдіс арқылы мұғалім оқушының іскерлігін және дағдыларын қалыптастырып, тапсырмалар беріп, өзі меңгерткен білімді, үйреткен іскерлік дағдыларын оқушыларға қайталайды. Оқушылар мұғалімнің үлгісі бойынша жіктейді, септейді, жоспар құрып, мұғалімнің нұсқауымен тәжірибе жасайды. Репродуктивтік әдіс мұғалімнен ұйымдастырушылық қабілетті талап етеді. Мұғалім сөздік, көрнекілік, тәжірибелік әдістер арқылы жаңа оқу материалын түсіндіреді, ал оқушылар оларды тапсырмаларды орындау үшін қолданады. Білімнің көлемі көп болғанда репродуктивтік әдіс түсіндірмелі-иллюстративтік әдіспен бірге қолданылады. 1) репродуктивті сипатқа бағытталған танымдық қызметті қамтамасыз ететін әдістер тобы; 2) оқушылардың өз бетімен білім іздену әдістер тобы, яғни проблемалық әдістер, олар проблеманы шешу барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ұштауға бағытталады; 3) оқушылардың көркем-эмоционалдық белсенділігін дамытатын әдістер тобы; 4) оқушылардың меңгерген білімдерін өздері қоршаған ортаны тани түсуге қарай бағыттайтын практикалық әдістер тобы.

Когнитивтік ғылымда басты зерттеу нысаны – айналасын қоршаған дүние ақпараттарын өңдеуші адамның іс-әрекеттері, яғни когнитивтісі.

Жалпы таным-білімге, жан-жақты жинақталған ақпараттарға қатысты әрекеттердің барлығы когнитивтісі немесе когнитивтік әрекеттер деп аталады. Когнитивтік ілім заңдылығына сәйкес, адам тіл арқылы ақпаратты өңдеуші жүйе ретінде түсініледі, ал адамның әрекеті тіл арқылы оның ішкі жай-күйіндегі дүниелермен анықталады. Олай болса, когнитивтізмнің негізгі қағидасын зерттеушілер еңбектеріне сәйкес былайша анықтауға болады:

- адамның ойлау тетігін зерттейтін бағыт;
- адам санасындағы ақпараттардың өңделуі;
- дүниенің ментальді моделін қалыптастырушы;
- тілде берілген адамның ойындағы ұғымның түсінілуі;
- ойлауды реттейтін психикалық қасиеттер.

Тілші-әдебиетші болғандықтан 45 минут өзім сөйлеп сабақ бергенге әбден төселіп, мені ғана тыңдау керек деген ой қалыптасқан менде алғашында 7 модуль туралы тыңдағанда сұрақтар пайда болды. Бұларды бұрыннан білемін, пайдаланып жүрмін деген сияқты ойлар да келді. Бірақ әрбір модульді жек-жеке, саралап қарастырған кезде ойым мүлде өзгерді. Ең бастысы бүгінде жаңартылған білім мазмұнымен бірге келген жаңа бағдарлама негізі- сындарлы оқытуды көздейтінін түсіндім. Білімді игеруге алты қадам барын білеміз:

- 1) Білім;
- 2) Түсіну;
- 3) Қолдану;
- 4) Талдау;
- 5) Синтез (жүйелеу, жинақтау);
- 6) Бағалау.

Енді осыларға жеке-жеке тоқталайық:

I. Білу.

Таным мен ойлау деңгейі – төмен деңгей. Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.

II. Түсіну.

Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей. Оқу материалын түсінгендіктің ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады:

Трансляция – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» аудару.

Интерпретация – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау;

Жорамалдау – оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.

III. Талдау

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей. Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді.

#### IV Қолдану.

Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей. Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіне деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

#### V. Синтез (жинақтау, жүйелеу).

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей. Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

#### VI. Бағалау

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей. Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Ал бұл қадамдарды тәжірибеде игеру, жоспрыңды өзгертуді талап етеді.

Мұғалім оқушыларда Чиксентмихай «өзіндік мақсат» деп атайтын және Райан «ішкі уәж» деп атайтын қасиеттердің болуына жағдай жасауы тиіс (1.61) екенін ескеріп тізбектелген сабақтар топтамасының материалын қарап, ол оқуның санасында ұзақ уақыт есте қалатындай етіп жасау керек деген тоқтамға келдім. Білімнің 90% пайызын өзгелерді оқыту арқылы алатынын ескерсек, топпен оқыту тиімді екенін ескеру керек. Себебі, топпен оқыту барысында модульдердің түгелін қамтуға болады. Топтық жұмыс кезінде оқушы өз ойларын ашық айтуды, бір-бірін тыңдауды, бір-бірінің пікірімен санасуды үйренетіндіктен сын тұрғысынан ойлауға балаларды баулу өте қажет. Ең бірінші жоспарлаған сабақтарда енгізетін модуль осы болу керек. Әсіресе, Блум таксономиясы төменнен жоғарыға, яғни менің оқу тәжірибемдегі өзгерістердің бастауы болды. Блум таксономиясының талдау, жинақтау, бағалау кезеңдерінде талантты және дарынды балалармен кеңінен жұмыс істеу жүзеге асады деп ойлаймын. Себебі, пәндік олимпиада мен ғылыми жобаларға оқушы дайындауда көп уақыт кететін. Ал осы модульді үнемі ескеріп талантты, дарынды оқушыларымның жоғары мүмкіндіктерін бағалап, оларға арнайы тапсырма құруды әдетке айналдырсам оларға қосымша кететін уақытты үнемдеп, жұмыс сапасын сақтап қалатыныма көзім жетті. Сонымен қатар, АКТ-ны сабақтарымда қолданудың да тиімді жақтары өте көп, әсіресе, уақытты үнемдеу, қызығушылықтары артатыны анық.

Ал енді оқу үшін бағалау мен оқуды бағалау модулін сабаққа енгізу өз пәніңді қызықты етіп өткізудің бір тәсілі. Себебі, жоғары сыныпқа келгенде оқушыларға берілетін жүктемелер күрт көбейіп, уақыт жетпей қалатын сияқты, сол уақытта оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, оқушылардың қандай бағытта даму керектігін көрсетіп, қажетті деңгейге қалай жету керектігін анықтау үшін, ауық-ауық ынталандыру мақсатында оқу үшін бағалау өте тиімді. Ол үшін кері байланыс кезінде оқушы алынған ақпаратқа сай жұмыс жасауы керек. Яғни, бағалауды оқушылардың оқуына ықпал ету мақсатында жұмсау міндетті.

Өзім сабақ беретін 9 «Ә» сыныбында «Аңыз-әңгімелер» тақырыбын осы жеті модуль бойынша жоспарлауды қарап көрейік.

Ол үшін берілген 4 сабаққа тізбектелген орта мерзімді жоспар жасау бірінші кезекте. Бұрын сабақ бергенде өзіме ыңғайлы етіп, мен қалайда мақсатқа жетемін деп жасайтынмын. Ал енді мына жоспарды жазу барысында ең алдымен оқушылардың даму деңгейін, жас ерекшелігін, «Қалай оқу керектігін үйренуін», сыни тұрғыда ойлауын, ескере отырып жаза бастадым. Оқу мақсатымен қатар, күндегідей мақсат белгілеп қана қоймай, ол мақсатқа оқушының жеткендігін немен өлшеймін деген сұрақ толғандырды. Содан кейін ғана төмендегі аспектілерге назар аудардым: мен үшін сабақтан күтілетін оқу нәтижесі, оқушыдан күтілетін оқу нәтижесі, сабақтың маңыздылығы, бұрынғы білімді қалай пайдалана алады, өмірмен байланыстыра ала ма, болашақта оған пайдасы бар ма, қызығушылығын арттыру үшін қандай іс-әрекетті қалай қолдануым керек, өздерін бағалай ала ма деп ойландым. Бірақ Сын тұрғысынан ойлау модулін қарап шығып, басқа модульдерді ықпалдастыра отырып, сабақты жоспарласа тиімді шығады деп ойлады. Сондықтан тізбектелген сабақтар топтамасы сын тұрғысынан ойлау модуліне басқа модульдерді кіріктіріп қостым.

7 модуль ықпалдастырылған тізбектелген сабақтар топтамасының орта мерзімді жоспарын жасап алғаным маған өте ыңғайлы болды, себебі алдын-ала мақсатымды, менің және оқушыларымның не істейтінімізді білдім, сонымен қатар оларды қалай бағалаймын, кері байланыс қалай орнатамын, маған керекті ресурстарды да саралап алғанмын. Тіпті, талантты, дарынды, үлгерімі төмен оқушыларды қалай жұмысқа тартуға болатынын біліп, ескердім.

1-тақырыбым «Аңыз әңгімелерге жалпы шолу» деп аталады. Жалпы мақсат айқын болғанымен, қосымша орташа, және үлгерімі үздік оқушыларға арналған мақсатты да қойдым. Геометриялық фигуралар арқылы сыныпты топқа бөлемін. Сыныпта атмосфералық ахуал орнату

мақсатында «Жүректен жүрекке» тренингін өткіземін. Топ ережесін оқушылардың өздеріне құрғызып, флипчартқа жазғызып, іліп қоямын. Өздері құрған ережені өздері сақтайды деп ескертемін. Ұйымдастыру жұмыс біткеннен кейін Блум таксономиясына сүйене отырып сабақты өткіземін. Сын тұрғысынан ойлау модулі негізгі болып табылады. Білу бөлімінде «Егер мен» ойынын өткіземін. Бұнда АКТ көрсетілім сипатын пайдаланам. Фильм көрсетемін, оқушылар басты кейіпкердің орнына өздерін қойып, кейіпкер атынан нені білетіндері туралы айтады. Оқушылар жоғарғы сынып болғандықтан, берілетін сұрақ өмірмен байланысты болады. Түсіну бөлімінде «Суреттер сөйлейді» әдісін пайдаланам. Тақырыпқа қатысты суреттерді оқушылар сөйлейді деп жоспарлап едім, бірақ ол оқушыларға қызықсыз сияқты, сондықтан, аңыздың түрлерін ажырату үшін оқушыларға АКТ-ні пайдалану анағұрлым тиімді екеніне көзім жетті. Оқушыларға ноутбук беріп, топонимикалық аңыздар шыққан жер-сулардың суреттерін жинақтап, өздері слайд жасап, әр топ 1-оқушыдан шығып қорғады. 5-сыныпта өткен білімдері еске түседі. Бұл жерде жас ерекшелігіне сай оқытуды алдыңғы ескермепін, сабақ үдерісінде 9-сынып оқушыларына суреттерден гөрі ғаламтор, ноутбук арқылы қолдану әрі оңай, әрі қызықты екенін байқадым. Сабақ бойы оқу үшін бағалау мақсатында пошта ойыны жүріп тұрады. Қолдану бөлімінде «Академиялық дау-дамай» әдісі қолданылады. Оқушылардың аңыз туралы айтылған ойды түрлі нұсқада қарастырып көреді. Оқушылар берілген тапсырманы өздері талқылап, өз ой-пікірлерімен санаса біледі, топпен жұмыс жасайды. Талдау бөлімінде «Салыстырмалы карта» арқылы өтеді. Топтарға берілген мәтінді талдайды. Бұл жерде дарынды оқушылардың пікірі басым болады, себебі көлемі ұзақ мәтінді үлгерімі төмен оқушылар соңына дейін оқып отырмайды. Негізгі элементтерін талдай алады. Жинақтау бөлімінде АКТ-ны қолданам. «Кім жылдам» эстафетасы арқылы оқушылар сабақ бойы берілген ақпаратты жүйелейді. Бағалау бөлімінде «Жетістік ағашы» ойыны арқылы өткіземін. Әр оқушы «Жетістік ағашындағы» сұраққа жауап беріп, өзін сол сұрақ жазылған бұтаққа белгілейді. (сұрақтар төменнен жоғарыға қарай оңайдан қиынға қарай беріледі.) Ал «Ғашықтық аңыздарды» өткенде оқушыларға әлем әдебиетіндегі бірнеше аңыздардың кейіпкерлерін тақтаға іліп қойдым. Ал әрі қарай оқушылар Блум таксономиясына өздері салып, ол аңыздар туралы не біледі, кейіпкерлерін сипаттап, неліктен олардың өмірі аңызға айналғандығы туралы өз ойларымен бөлісті. Оқушылардың әрекеті-зерттеушілік болу керек екенін 1-сабақтан кейін-ақ түсіндім де 2-сабақта аңыз бен ертегінің айырмашылығын білу үшін оқушыларға жоспарлағанымдай мәтін бердім тек, тапсырмасын күрделендірдім. Олар аңыз бен ертегінің жалғасын тапқаннан гөрі, мәтінді толық беріп, оған жоспар құрып, тақырып қойып, мәтін мазмұнының негізінде ситуациялық тапсырма беріп, пікірталас ұйымдастырдым. Өзіме түйгенім әр тапсырманы бергенде жас ерекшелігін ескеріп, берілуі керек екен. Сонымен қатар АКТ-ны қолдағанда оқушылардың оның мүмкіндіктерін толықтай пайдалана алатынына көзім жетті. Бұрындары сабақта қолдануға рұқсат беремейтін ұялы телефондары арқылы жылдам, әрі дүниетанымын кеңейтетін ақпаратты ала-алатынын байқадым. 45 жыл мұғалім болсаң да, мынаны ұмытпауымыз керек. Мұғалім болған соң жоспарлап келген сабағымды ойдағыдай өткізіп, бәріне үлгергім келді. Бірақ барлығына үлгеру әрқашан бола бермейді, өйткені уақыт жетпей қалған жағдайда, жоспарлап келген тапсырмаларым орындалмай қалады екен. Бұны байқағаным, 9 «Ә» сыныбында «Аңыз әңгімелерге жалпы шолу» тақырыбы сабағымда: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, АКТ модульдерді кірістіре отырып, сабақ жоспарын қайтадан қарап шықтым. Сабағымның әр кезеңіне осы модульдерді кірістіруге тырыстым. Сабақтың мақсаты: балаларға аңыз әңгімелер халық ауыз әдебиетінің бір саласы екенін, аңыз әңгімелердегі кейіпкерлер образымен танысуы, тақырып бойынша берілетін негізгі мүмкіндіктерді меңгеру керек екені ақын болғанымен, енді осы мақсатыма қалай жетемін деген сұрақ мазалады. Сабақ басталғанда-ақ бірінші тапсырманы орындау барысында оқушылар кідіріп қалды, себебі өздерін Алдар Көсенің орнына қойып, ойларын қысқа, жүйесіз қорытындылады. Бұдан байқағаным оқушылардың ойы кітаппен шектеліп, өз ойын жеткізе алмауы. Сондықтан жоспардағы тапсырмаларды орындауда уақытым жетпей қалды. Тағы бір мәселені жоспар құру барысында ескеру қажет екен. Ол дарынды оқушылармен жұмыс, мысалы, дарынды және талантты оқушылармен жұмыс жасау барысында С есімді қыз, қаншалықты дарыны бар болғанымен ұялшақтық мінезінен ойын ашып айта алмады, бірақ сабақ соңында өзіне артылған жауапкершілікті түсініп, «Кім жылдам» эстафетасында сыни тұрғыдан ойлауға арналған тапсырмаларды жылдам орындады.

Жалпы, сын тұрғысынан ойлау модуліне басқа модульдерді ықпалдастыра қолдануым сабақ үдерісін өзгертуге, мені мен оқушылардың тығыз байланысына, сабақты ұйымдастыруда оқушылардың түгел тартылуына тиімді деп ойлаймын.

Жаңа бағдарлама-жаңа көзқарас, яғни жаңа бағдарламаның білім беру жүйесіне енгеніне 6 жыл өтті. Пісіліп, жетіп, өнім бере бастады. Нарық пен технология заманында уақытты үнемдей отырып, сол үнемделген уақытта оқушыға қажеттіні ғана беруіміз керек екеніне көзім жетті.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы 2015ж.
2. Говард Гарднер «Структура Разума» Москва 2007ж.

УДК 711. 7

**РОЛЬ ИЗУЧЕНИЯ ОПЫТА ИСТОРИЧЕСКОГО ПРОШЛОГО В СОВРЕМЕННЫЙ ПЕРИОД РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ НАРОДНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Байменова Ботагоз Жумағалиевна  
учитель казахского языка и литературы,  
baimenova\_botagoz@mail. ru  
Бельская Нелля Александровна  
учитель русского языка и литературы,  
nelli. belyskaya@mail. ru  
Нурманова Айнагуль Рахимжановна  
учитель казахского языка и литературы,  
КГУ «Общеобразовательная школа  
имени Абая отдела образования города Костаная»  
Управления образования акимата  
Костанайской области  
г. Костанай, Казахстан  
ainagul-nurmanova@yandex. kz

**Аңдатпа**

Бұл тақырыптың өзектілігі мектеп білім беру жүйесі үшін мұғалімдерді даярлау функцияларын орындаған педагогикалық мектептерді қалыптастыру және дамыту мәселелері болып табылады. Мақалада Меңдіқара педагогикалық училищесінің құрылу тарихы мен дамуы көрсетілген. Меңдіқара қазақ педагогикалық училищесінің негізгі мақсаты облыстың бастауыш, толық емес орта және орта мектептерінің мұғалімдерін, педагогикалық білімі жоқ мамандар тобын даярлау болды. Мақаланы қазақ, орыс тілі мен әдебиеті, сондай-ақ тарих және география мұғалімдері әдістемелік көмек ретінде пайдалана алады. Ол өз өлкесінің тарихы бойынша сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды өткізу кезінде қосымша материал болып табылады, өскелең ұрпаққа патриоттық сезімдерді тәрбиелейді.

**Түйінді сөздер:** педагогикалық училище, мұғалімдерді даярлау, мектеп жүйесі, облыс мектептеріне білім беру, кәсіби педагогтарды даярлау, қазақ және орыс бөлімшелері, оқыту, училище түлектері.

**Аннотация**

Актуальностью данной темы являются вопросы формирования и развития педагогических училищ, которые выполняли функции подготовки педагогов для школьной системы образования. В статье показана история создания и развитие Мендыкаринского педагогического училища. Основная цель Мендыкаринского казахского педучилища заключалась в подготовке учителей начальных, не полных средних и средних школ области, той группы специалистов, которые не имели педагогического образования. Статья может быть использована учителями казахского, русского языка и литературы, а также истории и географии в качестве методической помощи. Она является дополнительным материалом при проведении уроков и внеклассных мероприятий по истории своего края, воспитывая в подрастающем поколении патриотические чувства.

**Ключевые слова:** педагогическое училище, подготовка учителей, школьная система, образование школ области, подготовка профессиональных педагогов, казахское и русское отделение, обучение, выпускники училища.

**Abstract**

The relevance of this topic is the formation and development of teacher training schools, which were originally supposed to perform the functions of training teachers for the school education system. The article shows the history of the creation and development of the Mendykarinsky Pedagogical School. The main goal of the Mendykarinsky Kazakh Pedagogical College was to train teachers of primary, incomplete secondary